«БЕКІТІЛДІ»
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің
Сапар Ерғалиев атындағы жалпы білім беретін мектебі»
КММ педагогикалық кеңесінің мәжілісінде
2026 жылғы «31» тамыздағы №1 хаттамамен
төрайымы_____Коскадамова Т.Ш.

БАҒДАРЛАМА

«Ақиқат алаңы» үйірмесінің бағдарламасы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің
Сапар Ерғалиев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің
2026-2027 оқу жылына арналған

Аптасына сағат саны: 4
Жылына сағат саны: 136
Үйірме жетекшісі:Мұрат Тоқжан Айбарқызы.

2026 жыл

Түсіндірме жазба

1. Бағдарламаның жалпы сипаттамасы

«Ақиқат алаңы» үйірмесінің бағдарламасы 5-10 сынып білім алушыларына арналған және аптасына 4 сағат есебінен жылына 136 сағатқа есептелген. Бағдарламаны іске асыру мерзімі 2026-2027 оқу жылы.

Бағдарлама білім алушылардың пікірін еркін әрі сауатты жеткізуіне, сыни ойлау мәдениетін қалыптастыруына және қоғамдық мәселелерді жан-жақты талдай білуіне бағытталған және білім алушыларды шешендік өнер, дәлелді сөйлеу, пікірталас жүргізу, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағдарланған.

Үйірме сағаттары білім беру ұйымының сыныптан тыс жұмыс/қосымша білім беру кестесіне сәйкес өткізіледі.

2. Бағдарламаның өзектілігі

Қазіргі білім беру кеңістігінде білім алушының тек дайын ақпаратты меңгеруі емес, өз ойын еркін жеткізе алуы, ақпаратты сыни тұрғыдан саралауы, дәлелді пікір қалыптастыруы және өз көзқарасын мәдениетті түрде қорғай білуі маңызды. Ақпарат ағыны қарқынды дамыған заманда кез келген мәселені жан-жақты талдап, дұрыс шешім қабылдай алатын, пікірін нақты дәлелдермен негіздейтін тұлға қалыптастыру – білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі.

Осы тұрғыдан алғанда, «Ақиқат алаңы» үйірмесінің бағдарламасы білім алушылардың сыни ойлау, шешендік өнер, зерттеушілік, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ақиқат алаңы барысында білім алушы түрлі көзқарастарды салыстырып, мәселенің себеп-салдарын анықтауға, нақты деректермен жұмыс істеуге, өз ұстанымын жүйелі түрде қорғауға және қарсы пікірді құрметпен тыңдауға үйренеді.

Бағдарламаның өзектілігі – білім алушыларды пікірталас мәдениетіне баулу арқылы олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамауға, өз ойын сауатты әрі жауапкершілікпен білдіруге мүмкіндік беруінде.

Үйірме жұмысы білім алушының өзіндік пікірін қалыптастырып қана қоймай, оны «Тыңдай білу – талдай білу – дәлелдей білу – қорытынды жасай білу» қағидаттары негізінде жан-жақты дамытуға жағдай жасайды. Сондықтан «Ақиқат алаңы» үйірмесінің бағдарламасы қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, ойы ұшқыр, сөзі нық, мәдениетті және белсенді тұлға тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады.

3. Бағдарламаның мақсаты

Мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Мектеп білім алушыларын үйірмеге тарту. Мектепішілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру,үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік білім алушыларды анықтау.

Мектеп білім алушыларын мектепаралық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік натижелерге қол жеткізу.

4. Бағдарламаның міндеттері

Міндеттері: Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;

Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;

Мектеп білім алушылардың арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;

Мектеп білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту;

Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;

Білім алушылардың жауапкершілігін және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;

Білім алушылардың коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;

Білім алушылардың өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету;

Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.

Білікті, оқу – тәрбие беру;

Мектептің үздік мілім алушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

5. Бағдарламаны іске асыру қағидаттары

«Ақиқат алаңы» үйірмесінің бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, төмендегі негізгі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

Жүйелілік және сабақтастық қағидаты – дебаттық дағдыларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен қалыптастыру, теориялық білімді практикалық тапсырмалармен ұштастыру.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту қағидаты – әр білім алушының қызығушылығын, қабілетін, сөйлеу мәнерін және жеке даму қарқынын ескеру, өз ойын еркін білдіруіне мүмкіндік жасау.

Сыни ойлау қағидаты – ақпаратты талдау, салыстыру, дәлелдердің сенімділігін бағалау, мәселенің әр қырын қарастыру және негізделген қорытынды жасай білу дағдыларын дамыту.

Диалогтік қарым-қатынас қағидаты – өз пікірін білдірумен қатар, өзгенің көзқарасын тыңдау, түсіну, сұрақ қою және пікірге мәдениетті түрде жауап беру дағдыларын қалыптастыру.

Дәлелділік қағидаты – әрбір пікірді нақты дерек, мысал, логикалық тұжырым және сенімді дәлелдер арқылы негіздеуге үйрету.

Пікір алуандығын құрметтеу қағидаты – әртүрлі көзқарастардың болуын табиғи құбылыс ретінде қабылдау, қарсы пікірді кемсітпей, әдептілік пен толеранттылық сақтай отырып пікірталас жүргізу.

Белсенділік және ынтымақтастық қағидаты – білім алушыларды жұптық, топтық және командалық жұмыстарға белсенді қатыстыру, ортақ шешім қабылдау мен командалық жауапкершілікті дамыту.

Практикаға бағдарлану қағидаты – теориялық білімді нақты дебаттар, пікірталастар, рөлдік ойындар, кейс талдауы және турнирлік форматтағы жаттығулар арқылы бекіту.

Шығармашылық еркіндік қағидаты – білім алушылардың тақырыпқа өзіндік көзқарас қалыптастыруына, жаңа идеялар ұсынуына және пікірін өзіндік стильде жеткізуіне жағдай жасау.

Рефлексия қағидаты – әр пікірталастан кейін білім алушының өз әрекетін бағалауы, жетістіктері мен қиындықтарын саралауы және келесі қадамын анықтауы.

6. Сабақты ұйымдастыру түрлері

«Ақиқат алаңы» үйірмесінде сабақтар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, тақырыптың мазмұнына және қалыптастырылатын дағдыларға сәйкес әртүрлі ұйымдастыру формаларында өткізіледі. Негізгі ұйымдастыру түрлері:

Кіріспе сабақ – дебаттың мақсаты, ережелері, форматтары және пікірталас мәдениетімен таныстыру.

Теориялық сабақ – дебат құрылымы, аргумент, контраргумент, кейс, дәлел, мысал, сұрақ қою және қорытынды жасау тәсілдерін меңгерту.

Практикалық сабақ – алынған теориялық білімді жаттығулар, тапсырмалар және қысқа пікірталастар арқылы бекіту.

Тренинг-сабақ – шешендік сөйлеу, дауыс ырғағы, аудитория алдында өзін ұстау, жылдам ойлау және жауап беру дағдыларын дамыту.

Топтық жұмыс сабағы – білім алушыларды командаларға бөліп, тақырыпты зерттеу, аргументтер жинақтау және ортақ позиция қалыптастыру.

Зерттеу сабағы – пікірталас тақырыбы бойынша ақпарат іздеу, дереккөздерді салыстыру, статистикалық мәліметтер мен нақты мысалдарды талдау.

Кейс-сабақ – нақты өмірлік немесе әлеуметтік жағдайларды талдау арқылы мәселенің шешімін ұсыну және оны дәлелдеу.

Пікірталас сабағы – белгілі бір қарар бойынша білім алушылардың қарама-қарсы ұстанымдарды қорғауы және өзара пікір алмасуы.

Дебаттық ойын-сабақ – білім алушылардың әртүрлі рөлдерді орындауы арқылы дебаттың толық құрылымын ойын элементтерімен меңгеруі.

Турнирлік сабақ – дебаттың белгіленген ережелері мен уақыт тәртібін сақтай отырып, командалар арасында жарыс түрінде өткізіледі.

Аралас сабақ – теориялық түсіндіру, практикалық тапсырма, топтық жұмыс және пікірталас элементтерін бір сабақта үйлестіру.

Рефлексиялық сабақ – өткізілген дебатты талдау, білім алушылардың жетістіктері мен қиындықтарын анықтау, өзара және өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу.

Қорытынды сабақ – жыл бойы қалыптасқан білім мен дағдыларды жинақтау, қорытынды дебат өткізу және білім алушылардың жеке жетістіктерін бағалау.

7. Оқыту әдістері

«Ақиқат алаңы» үйірмесінде білім алушылардың сыни және шығармашылық ойлауын, шешендік сөйлеуін, дәлел келтіру және пікірталас жүргізу мәдениетін қалыптастыру мақсатында дәстүрлі және заманауи оқыту әдістері кешенді түрде қолданылады.

Проблемалық оқыту әдісі – білім алушыларға өзекті мәселе ұсынып, оның себептері мен салдарын анықтауға, мәселенің бірнеше шешімін қарастыруға және өз ұстанымын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Сыни ойлау әдісі – ақпаратты талдау, салыстыру, сұрыптау, дәлелдің сенімділігін бағалау және логикалық қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

«Миға шабуыл» әдісі – белгілі бір қарар бойынша қысқа уақыт ішінде идеялар мен аргументтер жинақтауға, білім алушылардың еркін ойлау белсенділігін арттыруға бағытталады.

«Пікірталас шеңбері» әдісі – білім алушылардың белгілі бір мәселе бойынша кезекпен пікір білдіруі арқылы тыңдау, сөйлеу және өзгенің көзқарасын құрметтеу мәдениетін қалыптастырады.

Кейс-әдіс – нақты өмірлік жағдайларды талдау, мәселені анықтау, түрлі шешімдерді ұсыну және олардың тиімділігін дәлелдеу арқылы практикалық ойлау қабілетін дамытады.

Рөлдік ойын әдісі – білім алушыларға спикер, оппонент, сарапшы, төреші сияқты түрлі рөлдерді орындау арқылы дебаттың құрылымы мен ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік береді.

Жобалық әдіс – білім алушылардың белгілі бір қоғамдық немесе әлеуметтік тақырыпты өз бетінше зерттеп, ақпарат жинақтап, аргументтер мен дәлелдер жүйесін құруына жағдай жасайды.

Зерттеу әдісі – сенімді ақпарат көздерін іздеу, статистикалық мәліметтерді талдау, деректерді салыстыру және пікірді нақты фактілермен негіздеу дағдыларын қалыптастырады.

«Сұрақ-жауап» әдісі – білім алушылардың жылдам ойлау, нақты сұрақ қою, қарсы пікірді анықтау және қысқа әрі мазмұнды жауап беру қабілетін жетілдіреді.

Дебаттық жаттығу әдісі – аргумент құру, контраргумент.

8. Күтілетін нәтижелер

Күтілетін нәтиже: Мектеп білім алушыларының бос уақытын тиімді пайдалану.

Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.

Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;

Білім алушылардың өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;

Білім алушылардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.

Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді

Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді.

БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады.

Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады.

Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

Күнтізбелік - тақырыптық жоспарлау

№ реттік саны	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Күні
	I тоқсан		
1	«Ақиқат алаңы» клубының отырысы. Дебат деген не? Форматтармен танысу (БП, ЛД, АПФ) | Оқушыларға пікірсайыстың құрылымы мен түрлерін түсіндіру.	2	01.09.26
2	Ереже құру. Командалық ойындар.	2	07.09.26
3	"Адамды орта қалыптастырады ма, әлде, туа біткен қасиет пе?" пікірталас	2	08.09.26
4	"Мен өз елімнің патриотымын!"	2	14.09.26
5	"Туған жерім-тұғырым" бейнеролик талдау.	2	15.09.26
6	"Тәртіп еркіндіктен маңызды ма?" әңгіме-дебат	2	21.09.26
7	"Денсаулық- зор байлық" тренингі	2	22.09.26
8	"Достық пен сыйластық рөлдік ойындар	2	28.09.26
9	"Қазіргі жастар рухани құндылықтардан алыстап бара ма?" пікірталас	2	29.09.26
10	"Қауіпсіз интернет" әңгіме-дәріс	2	05.10.26
11	"Өзін-өзі дамыту сәнге айналды ма, әлде қажеттілік пе?" ой-қозғау	2	06.10.26
12	"Мейірімді болу ерлік" (әңгіме, сурет салу)	2	12.10.26
13	"Алтын күз" шығармашылық байқауы	2	13.10.26
14	"Табиғатты қорғау -әр адамның парызы ма, әлде мемлекеттің міндеті ме?" постер	2	19.10.26
15	"Қалалық өмір ауылдық өмірден артық па?" пікірталас	2	20.10.26
16	"Ата-аналар балалар өміріне қаншалықты араласу керек?" әңгіме-дебат	2	27.10.26
	II тоқсан		
1	"Тәртіп пен жауапкершілік" тренингі	2	02.11.26
2	"Жақсылық жаса!" акциясы	2	03.11.26
3	"Сыйластық пен сенім" тренингі	2	09.11.26
4	"Қауіпсіз интернет" жоба жасау	2	10.11.26
5	"Мамандық әлеміне саяхат"	2	16.11.26
6	"Зиянды әрекеттер деген не?" әңгіме	2	17.11.26
7	"Кітап оқу керек пе?" жұптық жұмыс	2	23.11.26
8	"Тәуелсіз Қазақстан - менің мақтанышым!" шығармашылық жұмыстар	2	24.11.26 30.11.26
9	"Жыл соңына дейінгі мақсаттар" жобалар қорғау	2	01.12.26
10	"Көшбасшы болғым келеді" тренингі	2	07.12.26
11	"Отбасы құндылықтары" пікірталас	2	08.12.26
12	«Мектеп формасы: қажет пе, жоқ па?» (жаттығу дебаты) | Тақырыпқа сәйкес ой айту, топпен жұмыс істеу.	2	14.12.26
13	"Қауіпсіздік ережелері- өмір кілті" әңгіме	2	15.12.26
14	"Аргумент пен қарсы аргумент" "3 дәлел" ережесі | Логикалық ойлауды дамыту, дәлелмен сөйлеуге үйрету|	2	21.12.26
15	"Тәртіп пен жауапкершілік" тренингі	2	22.12.26
16	"Жақсылық жаса!" акциясы	2	28.12.26
	III тоқсан		
1	Үй тапсырмасы қажет пе?	2	11.01.27
2	Смартфон мектепте рұқсат етілуі керек пе?	2	12.01.27
3	Ойын оқу үлгеріміне кері әсер ете ме?	2	18.01.27
4	Кітап оқу ма, мультфильм көру ме?	2	19.01.27
5	Мектеп асханасының тамағы пайдалы ма?	2	25.01.27

6	Спорт сабағы күнде болуы керек пе?	2	26.01.27
7	Демалыс сабақтан маңызды ма?	2	01.02.27
8	Әлеуметтік желінің оқушыларға пайдасы мен зияны.	2	02.02.27
9	Онлайн оқу офлайн оқуды алмастыра ала ма?	2	08.02.27
10	Бағалау жүйесі (баға қою) әділ ме?	2	09.02.27
11	Олимпиадаға дайындық барлық оқушыға қажет пе?	2	15.02.27
12	Мектепте клубтар мен үйірмелер жеткілікті ме?	2	16.02.27
13	Экологиялық тәрбие мектептен басталуы керек пе?	2	22.02.27
14	Телефон тәуелділігі – үлкен мәселе ме?	2	23.02.27
15	Баланың болашағын мектеп анықтай ма?	2	01.03.27
16	Жасөспірімдерге әлеуметтік желі шектеулі болуы тиіс пе?	2	02. 03.27
17	Кітап оқу дағдысы жойылып бара жатыр ма?	2	09.03.27
18	Ақша табу білімнен маңызды бола ала ма?	2	15.03.27
19	Тәртіп пе, еркіндік пе?	2	16.03.27
20	Дос көп болғаны жақсы ма, аз болғаны ма?	2	29.03.27
IV тоқсан			
1	Дебат ережелері мен уақыт тәртібі	2	05.04.27
2	Қателесу – табыстың бір бөлігі.	2	06.04.27
3	Мұғалім – тек білім беруші ме? Ойларың?	2	12.04.27
4	Интернетсіз өмір сүруге бола ма?	2	13.04.27
5	Танымал болу – табыстың кепілі.	2	19.04.27
6	Ерте мамандық таңдау дұрыс па?	2	20.04.27
7	Ақпарат көптігі адамға пайдалы ма?	2	26.04.27
8	Арман адамды алға жетелейді.	2	27.04.27
9	Ана тілді сақтау – әр азаматтың міндеті ме?	2	04.05.27
10	Интернет тіл мәдениетін бұзып жатыр ма?	2	05.05.27
11	Тәртіп еркіндіктен маңызды ма?	2	11.05.27
12	Ақша бақыттың негізі бола ала ма?	2	12.05.27
13	Адалдық – табыстың басты шарты ма?	2	18.05.27
14	Тіл мен мәдениет сен үшін нені білдіреді	2	19.05.27
15	Қорытынды дебат турнирі	2	24.05.27
16	Қорытындылау, марапаттау, рефлексия	2	25.05.27

Мүшелері:

1. Ғабдолла Алия (8-сынып)
2. Жумабаев Дидар (8-сынып)
3. Қорған Гүласылым (8-сынып)
4. Сәрсенбай Айым (8-сынып)
5. Ниязбек Ерқанат (10-сынып)
6. Сансызбай Нұрайым (10-сынып)
7. Тұңғышбай Нұрсая (10-сынып)
8. Жетписова Амина(11-сынып)
9. Жумабек Қаракат (11-сынып)
10. Нурпейсова Меруерт (11-сынып)
11. Сембай Тамерлан (8-сынып)
12. Владимир Алижан (8-сынып)